

Қарашатау жалпы орта мектебі бойынша әдістемелік бірлестіктер отырысының
ХАТТАМАСЫ № 02

Құмқұдық селосы

08- қараша 2024 жыл

Қатысканы: 29

Күн тәртібінде:

- 1-тоқсанның қорытындысы /Биханова А.О./
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 2-тарауын түсіндіру. /А.Ш.Жакибаева/
3. Әр түрлі сұрақтар.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А.О.Биханова.

2024-2025 оқу жылының 1-тоқсанында иектепішілік жоспарға сәйкес барлығы орындалғандығын, электронды журнал толтыру барысын, келген кеткен оқушылар мен білім сапасын айтып кетті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Ш.Жакибаева.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 2-тарауы «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды жүргізу тәртібі» бойынша 9-тармақ «Сабақта БЖБ орындау үшін өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу және басқалар) мен уақытын педагог дербес айқындайды. БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек», ал 13-тармақ «Оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайды. ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді. Бір оқу пәні бойынша БЖБ мен ТЖБ бір күнде өткізілмейді» сол себепті БЖБ, ТЖБ өткізу барысында осы тармақтарды басшылыққа алу керектігі айтты.

Бастауыш сынып бірлестігінің жетекшісі Ж.М.Аргынбаева.

Жиынтық бағалау – тоқсанды, оқу жылын, сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі. Өзі биыл 1-сынып оқушылары болғандықтан жиынтық бағалау жүргізілмейді. Білім алушыларға балл қойылмайды, оқу үлгерімі формативті бағаланады деп айтты.

Шешімі:

1. Білім сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар ұйымдастыру ұсынылсын.
2. ТЖБ, БЖБ өткізу барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 2-тарауы басшылыққа алынсын.

Кеңес төрағасы:


А.О.Биханова

Хатшысы:

А.Ш.Жакибаева



Бекітемін:
Мектеп директоры:



А.О.Биханова

Қарашатау ЖОББ мектебінде 15-қараша күні
«Бөлімдік, тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу тәртібі»
тақырыбында өткізілетін семинардың бағдарламасы

1. Алғашқы кіріспе сөз. *Мектеп директоры Биханова А.О.*
- 2.«БЖБ, ТЖБ өткізуге қойылатын талаптар, бағалау шкаласы» слайд,
Жакибаева А.Ш.
- 3.«Жиынтық бағалау (БЖБ, ТЖБ) тапсырмаларын құрастыру»
бейнепрезентация
4. Практикалық бөлім. *Тарих әб жетекшісі-Махамбетиярова Ж.О.,
бастауыш сынып әб жетекшісі Аргынбаева Ж.М.*
5. Рефлексия.